

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 1058 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығын қараңыз.

«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі **Қазақстан Республикасының**
К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 4 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 1 0 5 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Ішкі су көлігі туралы»

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген және ішкі су мен «өзен-теңіз» суларында жүзетін кемені, сондай-ақ шағын көлемді кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өздігінен жүретін шағын көлемді кеме – механикалық қондырғы қозғалысқа келтіретін шағын көлемді, сондай-ақ желкенді кеме;

2) өздігінен жүрмейтін шағын көлемді кеме – өздігінен жүру үшін механикалық қозғалысы жоқ шағын көлемді кеме.

3. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені) үшін, сондай-ақ кеменің, оның ішінде шағын көлемді кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-1. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушы, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері, сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер тіркеледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп уақытша жүзуге құқық берілген, қазақстандық тұлға экипажсыз (бербоут-чартер) жалға алған шетел кемесі Жалға алынған шетел кемелері тізілімінде мемлекеттің кемелерді негізгі тіркеу тізілімінде оның тіркелуі тоқтатыла тұрғаннан кейін тіркеледі.

7. Шетел мемлекеті кемелері тізілімінде тіркелген кеме Мемлекеттік кеме тізілімінде меншік иесінің шетел мемлекеті кемелер тізілімінен шығарылғандығы туралы үзінді ұсынғаннан кейін ғана тіркеледі.

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

9. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізу осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес Кеме куәлігін берумен куәландырылады, ол кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайды.

Кемені Жалға алынған шетел кемелері тізіліміне енгізу осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік берумен куәландырылады .

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

10. Кемелерді мемлекеттік тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидаға сәйкес кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды қабылдау, оларды алу кезінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі - аумақтық бөлімше) лауазымды тұлғасы кіріс құжаттарын есепке алу кітабына тиісті жазу енгізеді. Ұсынылатын құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген кезде өтініш берушіден құжаттар қабылдаудан бас тартылады. Өтініш берушінің талабы бойынша оған құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді жазбаша растама беріледі;

2) осы кемеге мәлімделетін құқықтар мен тіркеліп қойған құқықтар арасында қайшылықтардың, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін негіздің болмауын анықтау ;

3) көрсетілген қайшылықтар мен мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін басқа да негіздер болмаған кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне, Жалға алынған шетел кемелері тізіліміне жазулар енгізу;

4) мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттарды беру.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Тұлға кемені сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде кемені мемлекеттік тіркеуге өтініш береді.

12. Шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кеме Заңның 24-бабының 11-тармағына сәйкес мұндай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жалға алынған шетел кемелері тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жатады.

13. Шетел кемелеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімін алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар тапсырылады:

1) кемені жалға алушыдан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беруге рұқсат алуға өтініш;

2) атын және мекенжайын не жалға беру шарты бойынша қазақстанды жалға берушінің атауы мен орналасқан орнын растайтын құжат;

3) экипажсыз (бербоут-чартер) кеме жалдау шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) шетел мемлекетінің құзыретті билік орындары берген құжат, онда кеме туы ауыстырылғанға дейін тікелей тіркелген және осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының тоқтатылғанын растайтын, сондай-ақ кемеге ипотекамен ауыртпалық салынғаны туралы мәліметтерді қамтиды;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге кемені ауыстыруға кеменің тіркелген ипотекасына кеме иесінің және салық ұстаушының жазбаша рұқсаты;

6) өлшеу куәлігі («өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелер үшін);

7) сыныптау куәлігі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Ұсынылған өтінішті қарау оның келіп түскен сәтінен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқығын уақытша беруге рұқсат беріледі немесе мынадай жағдайларда одан:

1) осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды толық ұсынбаса;

2) егер берілген құжаттар осы Қағиданың 19-тармағының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе бас тартылады.

15. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар :

1) «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құқық белгілейтін және өзге де құжаттар;

2) сыныптау куәлігі;

3) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуі тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу үшін кемені жалға алушының кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішіне осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, қосымша мынадай құжаттар беріледі :

1) кеменің жалдау шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауыстыру ауыртпалығы немесе тіркелген кеме ипотеканың кепілзат ұстаушысының және меншік иесінің жазбаша рұқсаты;

3) қазақстандық кемені жалға алушының кеме атауын және тұратын орнын не жалдау шарты бойынша атауын және орналасқан жерін растайтын құжат;

4) шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы және осы кеменің атауын белгілеу туралы уәкілетті органның шешімі;

5) кеме ту ауыстырылғанға дейін тікелей тіркелген және осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру мерзіміне тоқтатылғанын растайтын шетел мемлекетінің құзыретті биліктері берген құжат.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Кемелерді және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде, жалға берілген шетел кемелері тізілімінде мемлекеттік тіркеу кезінде оларға тиісті тіркеу нөмірлерін бере отырып, осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген құжаттар беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

19. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге берілетін құжаттарға қойылатын талаптар :

1) құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады;
2) ресми шетелдік құжаттар, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгесі көзделмесе, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде заңдастырылады.

Егер, ұсынатын құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, оларға мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса беріледі;

3) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері – қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

4) тазаланған немесе үстінен жазылған, сызылған сөздер мен оларда ескертілмеген өзге де түзетулер, қарындашпен толтырылған құжаттар, сондай-ақ оларды біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылдауға жатпайды;

5) тіркеуге қажетті барлық құжаттар көшірмелері бар түпнұсқада беріледі. Құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен салыстырылғаннан кейін тұтынушыға қайтарылады. Құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмелер ұсынылады.

20. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ Кеме куәлігінің телнұсқасын беру өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден, егер мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда бас тартылады.

Бас тарту туралы кемені мемлекеттік тіркеуге ұсынған кеме иесіне бас тарту негіздемесін көрсете отырып, өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады.

22. Кеменің мемлекеттік тіркеу орны кемені мемлекеттік тіркеу аумақтық бөлімшесіне және кеменің мемлекеттік тіркеу жаңа орнының аумақтық бөлімшесіне жіберілетін кеме иесінің өтініші (еркін түрде) негізінде өзгереді.

23. Кеменің мемлекеттік тіркеу орнын өзгерту кезінде кеменің мемлекеттік тіркеудің бұрынғы орнының аумақтық бөлімшесі кеменің мемлекеттік тіркеудің жаңа орнының аумақтық бөлімшесіне кеме ісін береді, бұл туралы Мемлекеттік кеме тізіліміне тиісті жазба енгізіледі. Кеменің мемлекеттік тіркеу орнын алдағы

уақытта өзгерту туралы кеме иесі тіркелген ипотеканың немесе кемеің өзге де ауыртпалықтарының кепіл ұстаушысын хабардар етеді.

24. Кеме ісін алған аумақтық бөлімше жаңа реттік тіркеу нөмірін береді және Мемлекеттік кеме тізілімінің бұрынғы орнында жүргізілген, осы Қағидаға сәйкес кемеің мемлекеттік тізілімінің жаңа орнында жүргізілген Мемлекеттік кеме тізілімінде қамтылған барлық мәліметтерді енгізеді.

Кемеің мемлекеттік тіркеу жаңа орнының аумақтық бөлімшесі мемлекеттік тіркеудің бұрынғы орнының аумақтық бөлімшесіне кемеі тіркеу рәсімі аяқталғаны туралы хабарлайды. Осы хабарламаны алған кемеің мемлекеттік тіркеудің бұрынғы орнының аумақтық бөлімшесі мемлекеттік тіркеудің жаңа орнын және кемеің тәртіптік тіркеу нөмірін көрсете отырып, Мемлекеттік кеме тізіліміне ж а з б а е н г і з е д і .

25. Егер оқиға немесе басқа себептермен кеме бұрын Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізілген мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда кемеі мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін кемеі коммерциялық мақсаттарда пайдалану кемеі қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

26. Кемеі мемлекеттік қайта тіркеуді ресімдеу үшін аумақтық бөлімшеге осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса, осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемеі мемлекеттік қайта тіркеу туралы ө т і н і ш б е р у қ а ж е т .

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Кемелерді мемлекеттік қайта тіркеп, жаңа Кеме куәлігін беру өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Кеме ипотекасын аумақтық бөлімше кеме тіркелген сол тізілімде тіркейді.

29. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

30. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетел кемесінің ипотекасы Заңның 24-бабы 7 және 11-

тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелмейді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

31. Кеменің ипотекасы кемеге меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін осы Қағидаға 4-1-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші негізінде тіркеледі.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке осындай шартта көрсетілген құжаттар бар кеменің ипотекасы туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Қағиданың 19-тармағының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде ол туралы кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

33. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілуімен өтініш берген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде куәландырылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

34. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кеме ипотекасы шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақтарды қоса беру жолымен осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес мерзімде жүзеге асырылады.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта кеме ипотекасы туралы шартқа қосымша келісім нөмірі және жасалған күні, сондай-ақ кеме ипотекасы туралы шартқа енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулардың мәні көрсетіледі.

Кепіл беруші және (немесе) борышкер ауысқан кезде, егер борышкер кеме

ипотекасының шарты бойынша кепілзат беруші болып табылмаса, Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта жаңа кепіл берушінің және (немесе) борышкердің деректері (атауы) және тұрғылықты жері көрсетілуі, сондай-ақ жаңа кепіл берушінің қолы болуы тиіс.

Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақты аумақтық бөлімше кепіл берушінің өтініші негізінде өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде береді.

Өтінішке кемеің ипотекасы туралы шартқа қосымша келісімнің түпнұсқасы не оның нотариатта куәландырылған көшірмесі беріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34-1. Кемеің кепіл берушісі Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаға 4-1-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші бойынша Куәліктің телнұсқасын өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде береді.

Өтінішке Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ескерту. Қағида 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

34-2. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша кеме ипотекасы тоқтатылған кезде аумақтық бөлімше Мемлекеттік кеме тізіліміне кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы жазба е н г і з е д і .

Ескерту. Қағида 34-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35. Кемеің иесі Кеме куәлігін жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме иесінің өтініші бойынша көрсетілген куәліктің телнұсқасын береді. Өтінішке осы Қағиданың 15-тармағында көзделген құжаттар қоса беріледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36. Кеме куәлігінің телнұсқасын беру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидаға сәйкес Кеме куәлігінің телнұсқасын беру үшін қажетті құжаттарды қабылдау, оларды алған кезде аумақтық бөлімшенің лауазымды тұлғасы кіріс құжаттарын есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Ұсынылатын құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген кезде өтініш берушіге құжаттар қабылдаудан бас тартылады. Өтініш берушінің талабы бойынша оған құжаттарды қабылдаудан бас тартуды жазбаша дәлелді растама беріледі;

2) осы кемеге мәлімделіп отырған құқықтар мен тіркеліп қойған құқықтар арасындағы қайшылықтардың, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру үшін негіздің болмауын анықтау;

3) көрсетілген қайшылықтар және кеме куәлігінің телнұсқасын беру үшін басқа да негіздер болмаған кезде Кеме куәлігінің телнұсқасын беру туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне жазбалар енгізу.

37. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

38. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кеме жалдау шарты бойынша шетелдік жалға алушыға беру кезінде пайдалануға және иеленуге мұндай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде шет мемлекеттің туын көтеруге уақытша а у ы с т ы р ы л а д ы .

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

39. Кеме шет мемлекеттің туын уақытша көтеруге көшіру туралы шешімді кеме иесінің немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаты бар тұлғаның мынадай құжаттарды қоса бере отырып, кеме шет мемлекеттік тіркеу орны бойынша аумақтық бөлімшенің атына жіберілген өтініші негізінде уәкілетті орган қ а б ы л д а й д ы :

1) ипотеканы кепіл ұстаушының кеме шет мемлекеттің туын көтеруге көшіруге жазбаша келісімі (белгіленген тәртіппен белгіленген және тіркелген кеме ипотекасын ұстаушыларды алдын ала қанағаттандыру болмаған кезде);

2) жалдаушы мемлекеттің құзыретті органдарының немесе кеме туын көтеруге көшірілетін өзге де шет мемлекеттің белгіленген тәртіппен куәландырылған, сол мемлекеттің заңнамасында Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кеме осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығын беруге тыйым салатын ережелердің жоқтығын және кеме осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының берілу мерзімі өткен соң кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге қайтарылатынын растайтын құжаты;

3) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының берілуін немесе бұл

құқықтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының тоқтата тұру сәтінде берілетіндігін растайтын құжат;

4) жалға алу шарты.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

40. Бас тартуға негіздер болмаған кезде осы Қағиданың 21-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығының тоқтатыла тұрған күні, кемені шет мемлекеттің туын көтеруге көшіруге рұқсат етілген мерзім, кемеге туын көтеріп жүзуіне рұқсат етілген мемлекеттің атауы, жалға алу шарты бойынша шетелдік кеме жалдаушының аты мен мекенжайы көрсетіледі.

41. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын тоқтата тұру күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тиісті белгі енгізілген күн болып есептеледі. Кеме куәлігіне белгілер енгізу өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

42. Кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған мерзім ішінде оның бортында осы құқықтың тоқтатыла тұрғандығы туралы белгі қойылған кеме куәлігі болуы тиіс.

43. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрған мерзім ішінде кемеге құқықтарды, шектеулерді (ауыртпалықтарды) осы Қағидаға сәйкес Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеуді жүргізу жалғастырылады.

44. Кемені жалға алу шартының қолданысы тоқтаған немесе уәкілетті органның рұқсатында көрсетілген мерзім өткен кезде Мемлекеттік кеме тізіліміне кеме иесінің өтініші негізінде тиісті жазба енгізіледі және осы Қағидада белгіленген тәртіппен жаңа кеме куәлігі беріледі.

45. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі осындай құқықты растайтын және кеме Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа жарамды кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы уақытша куәлік (бұдан әрі – уақытша куәлік) осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

46. Уақытша куәлікті Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі құқық иесінің мынадай құжаттарды қоса берген өтініші негізінде береді:

- 1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;
- 2) кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің құзыретті билік орындары берген

(егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) кемеңің бұл мемлекеттің тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын к у ә л а н д ы р а т ы н к ұ ж а т ;

3) өлшем куәлігі («өзен-теңіз» суларында жүзетін кемелер үшін);

4) с ы н ы п т а у к у ә л і г і ;

5) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемелері үшін).

47. Уақытша куәлік беру туралы өтініш берген кезде жеке тұлға оның жеке басын растайтын құжатты, ал заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарын немесе олардың нотариалды расталған көшірмелерін, сондай-ақ заңды тұлғаның атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжатты ұ с ы н а д ы .

48. Осы Қағиданың 46-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезде Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесінің консулдық лауазымды тұлғасы құжаттарды есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Уақытша куәлік бергені туралы әрбір жазба тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Мұндай нөмір құжаттарды қабылдаған кезде беріледі және қабылдаған құжаттардың кіріс нөміріне сәйкес келеді. Ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі уақытша куәлік береді. Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі берілген уақытша куәлік туралы он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға уақытша куәліктің көшірмесін қоса бере от ы р ы п , х а б а р ж і б е р е д і .

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) Қ а у л ы с ы м е н .

49. Қазақстан Республикасынан тыс жерден сатып алынған кемеңің Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу болжанып отырған тіркеу орны бойынша аумақтық бөлімшеге кемеңің мемлекеттік тіркеу туралы өтініш ұсыну бойынша осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

50. Мемлекеттік кеме тізілімін, Жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізуді аумақтық бөлімшелер қағаз және электронды тасымалдағыштарда жү з е г е а с ы р а д ы .

Осы тізілімдердің нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) Қ а у л ы с ы м е н .

51. Аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме т і з і л і м і н е н :

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан ;

4) Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған кеме мені шығарады .

52. Зақымдалған кеме, егер:

1) кеме тұрған орнында да, ол жеткізілуі мүмкін кез келген басқа орында да қалпына келтіріле алмаса ;

2) кеме мені жөндеу экономикалық жағынан орынсыз болса конструкциялық жағынан күйреген деп саналады .

53. Осы Қағиданың 51-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Мемлекеттік кеме тізілімінен шығаруды аумақтық бөлімше осы Қағидаға 7-1-қосымшаға сәйкес кеме менің меншік иесінің өтініші негізінде жүргізеді. Өтінішке онда баяндалған фактілерді растайтын құжаттар, сондай-ақ кеме мені мемлекеттік тіркеу кезінде берілген куәліктер қоса беріледі.

Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған кеме мені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығаруды аумақтық бөлімше құқық белгілеу құжаттары қоса берілген, осы Қағидаға 7-1-қосымшаға сәйкес кеме менің меншік иесінің (келісім тарапының) өтініші негізінде жүргізеді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

54. Мемлекеттік кеме тізілімінде кеме тіркелген аумақтық бөлімше өз мүдделерін қорғауға тиісті шаралар қолдануы үшін кепіл ұстаушыға кеме менің осы тізілімнен алдағы уақытта шығарылатыны туралы хабарлама жібереді. Олардың келісімі алынбаған кезде кеме кепіл ұстаушыға хабардар еткеннен кейін үш ай өткен соң осы тізілімнен шығарылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

55. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен алып тастау, егер барлық тіркелген кеме ипотекасы алдын ала қанағаттандырылған немесе барлық кепіл берушіден жазбаша келісім алынған жағдайда ғана жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы шетелдік азаматқа немесе шетелдік заңды тұлғаға кеме мені мәжбүрлі түрде сатқан кезде Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару көрсетілген орган кеме менің сатылғанын және сатып алушының өзіне қабылдап алғандарынан басқаларын қоспағанда, ешқандай ипотекалармен ауыртпалық салынбағанын куәландыратын құжаттарды ұсынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Кеме менің тіркелген ипотекасы болмаған жағдайда, бұл кеме мені Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару өтініш берілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Аумақтық бөлімше тиісті тізілімге шығарылғаны туралы жазба енгізеді және осы Қағидаға 7-2-қосымшаға сәйкес Кемені мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама береді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.03.2014 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

56. Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінен кемені экипажсыз (бербоут-чартер) жалдау шарты бойынша қазақстандық жалға алушыға пайдалануға және иелік етуге берілген шетел кемесі мынадай жағдайда:

- 1) кемені жалға алу шартының (бербоут-чартердің) қолданысы тоқтағанда;
 - 2) кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі аяқталғанда;
 - 3) кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы уәкілетті орган шешімінің күші жойылғанда
- ш ы ғ а р ы л а д ы .

Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде тіркелген шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі өткенге дейін бір ай бұрын аумақтық бөлімше қазақстандық жалға алушыға тиісті хабарлама жібереді.

Қазақстандық жалға алушы кеме Жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне енгізілген аумақтық бөлімшеге тиісті куәлікті қайтарады.

57. Кемелерге тіркеу нөмірлерін беру төменде санамаланған литерлерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Жоғары Ертіс бассейніне – «Ер»;
- 2) Орал бассейніне – «Ж»;
- 3) Іле бассейніне – «Іл»;
- 4) Балқаш бассейніне – «Б»;
- 5) Есіл бассейніне – «Ес»;
- 6) Сырдария бассейніне – «С»;
- 7) Орталық бассейнге (Қазақстан Республикасының басқа су қоймалары) – «О р » .

Жалға алынған шетелдік кемелердің тізіліміне енгізілген кеменің тіркеу нөміріне «А» әрпі қосылады.

58. Кеменің тіркеу орнын белгілеу мақсатында нақты бассейн үшін белгіленген әріптік литерге цифрлық литер де қосылады:

- 1) Өскемен учаскесі – «Ер-1»;
- 2) Семей учаскесі – «Ер-2»;
- 3) Павлодар учаскесі – «Ер-3»;
- 4) Орал учаскесі – «Ж-1»;
- 5) Атырау учаскесі – «Ж-2»;
- 6) Астана қаласы учаскесі – «Ес-1»;
- 7) Петропавл учаскесі – «Ес-2»;
- 8) Қарағанды учаскесі – «Ор-1»;
- 9) Қостанай учаскесі – «Ор-2».

59. Кемелерге берілген тіркеу нөмірлері мен олардың литерлік белгілеулері (әріптік және цифрлік) кеменің алдыңғы жағының екі бортына оның атауынан жоғары жазылады. Бұл ретте кеменің атауы жазбасы өзінің өлшемдері бойынша оның тіркеу нөмірі мен литерлік белгілеуінен ірілеу болуға тиіс.

Кеменің алдыңғы жағында басқа жазбаларға рұқсат етілмейді.

3. Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу

60. Шағын көлемді кеме оған тіркеу нөмірі беріле отырып, кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.

Кеме кітабын жүргізуді аумақтық бөлімшелер қағаз және электронды тасымалдағыштарда жүзеге асырады.

Кеме кітабын жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

60-1. Салмағы қоса алғанда екі жүз килограмға дейінгі және қозғалтқыштарының (орнатылған жағдайда) қуаты қоса алғанда сегіз киловатқа дейінгі шағын көлемді кемелер, сондай-ақ ұзындығы тоғыз метрден аспауға тиіс, қозғалтқыштары жоқ және демалуға арналған орындармен жабдықталмаған спорттық желкенді кемелер мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

Ескерту. Қағида 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1380 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

61. Тіркелген әрбір шағын көлемді кемеге осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес шағын көлемді кемені есепке алу карточкасы ашылады.

62. Шағын көлемді кемелерді меншік құқығында сатып алған жеке және заңды тұлғалар меншік нысанына қарамастан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар олардың техникалық жай-күйіне, жыл мезгіліне және кеменің орналасқан орнына қарамастан, оларды тіркеу үшін аумақтық бөлімшеге сатып алған (алған), жасалған немесе оларды тіркеуге, қайта тіркеуге әкелетін жағдайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш береді.

63. Мұрагерлікпен берілген шағын көлемді кемелерді қоспағанда, шағын

көлемді кемелерді тіркеу он сегіз жасқа толған адамдардың атына жүргізіледі. Шағын көлемді кемені он сегіз жасқа толмаған мұрагерге тіркеген кезде тіркеу карточкасында ата-анасының немесе қамқоршысының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі және ата-анасының немесе қамқор органдарының келісімінсіз есептен алуға тыйым салынатыны туралы жазба жасалады.

64. Шағын көлемді кемелер заңды тұлғаларға олардың тұрақты тұрғын жері бойынша тіркеледі. Азаматтардың жеке меншігіндегі шағын көлемді кемелер иегердің атына тек оның тұрақты тіркелу орны бойынша тіркеледі.

65. Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды тіркеу осы Қағидаға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш негізінде жүргізіледі, оған өтініш беруші мынадай құжаттарды қоса береді:

1) кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құқық белгілейтін құжаттар:

сататын ұйымның анықтама-есебі (немесе сататын ұйымның тауар чегін не сатып алу-сату немесе сыйға тарту шартын немесе мұрагерлікке құқық туралы куәлік);

кеме билеті немесе егер ол бұрын мемлекеттік тіркеу органдарында тіркелген болса, кеменің есептен шығарылғаны туралы белгісі бар басқа құжат;

шет мемлекеттердің кеме тізілімдерінен (кітаптарынан) шығарылғаны туралы куәландыратын құжат (егер кеме бұрын шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген жағдайда);

Заңың 27-бабына сәйкес өзге де құжаттар;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгенін растайтын құжат.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады;

2) ресми шетелдік құжаттар, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде заңдастырылады.

Ұсынылатын құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармасы қоса беріледі;

3) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

4) тазаланған не үстінен жазылған, сызылған сөздер мен оларда ескрілмеген өзге де түзетулері бар құжаттар, қарындашпен жазылған құжаттар, сондай-ақ

мазмұнын біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылдауға жатпайды;

5) тіркеу үшін қажетті барлық құжаттар түпнұсқа көшірмелерімен ұсынылады. Құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен салыстырғаннан кейін тұтынушыға қайтарылады. Құжаттардың түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмелер ұсынылады.

67. Шағын көлемді кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ кеме билетінің телнұсқасын беру өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68. Жеке жасалған шағын көлемді кемелерді тіркеу аумақтық бөлімшемен келісілген шағын көлемді кеме мені жасауға арналған жобалық техникалық құжаттаманың негізінде, кейіннен оны бастапқы куәландыруға ұсына отырып, жүргізіледі.

69. Өздігінен жүзетін шағын көлемді кеме мені тіркеген кезде оған тіркеу нөмірі беріледі және кеме иесіне осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес кеме билеті тапсырылады. Берілген тіркеу нөмірі қазақ әліпбиінің үш әрпінен (литерінен) және төрт цифрдан тұрады.

Бірінші үш әріп Қазақстан Республикасының облысына, қаласына тиесілігін білдіреді. Цифрлар кеме кітабында тіркелген реттік нөміріне сәйкес келеді.

Әрбір серия 0001-ден 9999-ға дейінгі төрт таңбалы нөмірлерден тұрады және флоттың 9999 бірлігін қамтиды.

70. Уәкілетті орган облыстар және қалалар бойынша тіркеу нөмірлерін белгілейді:

- 1) Ақмола облысы - АҚМ 0001-ден 9999 дейін
- 2) Астана қаласы АСТ - 0001-ден 9999 дейін;
- 3) Ақтөбе облысы - АҚТ 0001-ден 9999 дейін;
- 4) Алматы облысы - АЛМ 0001-ден 9999 дейін;
- 5) Алматы қаласы - АЛҚ 0001-ден 9999 дейін;
- 6) Атырау облысы - АТР 0001-ден 9999 дейін;
- 8) Жамбыл облысы - ЖАМ 0001-ден 9999 дейін;
- 7) Шығыс Қазақстан облысы - ШҚО 0001-ден 9999 дейін;
- 9) Қарағанды облысы - ҚАР 0001-ден 9999 дейін;
- 10) Қызылорда облысы - ҚЗЛ 0001-ден 9999 дейін;
- 11) Қостанай облысы - ҚОС 0001-ден 9999 дейін;
- 12) Маңғыстау облысы - МҒУ 0001-ден 9999 дейін;
- 13) Павлодар облысы - ПВР 0001-ден 9999 дейін;

14) Солтүстік Қазақстан облысы - СҚО 0001-ден 9999 дейін;

15) Батыс Қазақстан облысы - БҚО 0001-ден 9999 дейін;

16) Оңтүстік Қазақстан облысы - ОҚО 0001-ден 9999 дейін.

71. Өздігінен жүзбейтін шағын көлемді кемелерді (ескекті қайықтар, байдаркалар және үрлемелі кемелер) тіркеу кезінде тіркеу нөмірі беріледі және кеме иесіне осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес кеме билеті тапсырылады, бір «Е» әрпінен тұратын литер және кеме кітабы бойынша реттік нөмір белгіленеді.

72. Тіркеу нөмірі шағын көлемді кеменің екі бортына да салынады және форштевеннен корпус ұзындығының 1/4-іне тең қашықтықта орналастырылады. Бояу жуғанда кетпейтіндей және корпустың түсіне қарама-қарсы түсті болуы тиіс. Әріптер мен цирларды бір жолға жазады. Олардың биіктігі кемінде 100-150 мм, ал ені тиісінше - 15-20 мм болуы тиіс.

73. Шағын көлемді кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуден, егер мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тартылады.

Бас тарту кемені мемлекеттік тіркеуге бас тарту негізін көрсете отырып, ұсынған кеме иесіне жазбаша түрде өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарланады.

74. Шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркеу орны шағын көлемді кеменің меншік иесінің шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркеудің аумақтық бөлімшесіне немесе шағын көлемді кеменің жаңа мемлекеттік тіркеу орнының аумақтық бөлімшесіне жіберілетін өтініші (еркін нысандағы) негізінде өзгертіледі. Бұл ретте шағын көлемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органына жіберілетін өтініште шағын көлемді кемеге ауыртпалық салынғаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

75. Шағын көлемді кемені мемлекеттік тіркеу орны өзгерген кезде шағын көлемді кеменің бұрын мемлекеттік тіркеу орнының аумақтық бөлімшесі шағын көлемді кемені жаңа мемлекеттік тіркеу орнының аумақтық бөлімшесіне шағын көлемді кемеге ауыртпалық салынғаны туралы ақпаратты көрсете отырып, тіркеу карточкасын береді. Шағын көлемді кеменің мемлекеттік тіркеу орнын алдағы уақытта өзгерту туралы шағын көлемді кеменің меншік иесі тіркелген ипотеканың немесе шағын көлемді кеменің өзге де ауыртпалықтарының кепіл ұстаушысын хабарда етеді.

76. Кеме ісін алған аумақтық бөлімше шағын көлемді кемеге жаңа реттік тіркеу нөмірін береді және шағын көлемді кеменің бұрынғы мемлекеттік тіркеу орнында жүргізілген кеме кітабында қамтылған барлық мәліметтерді осы Қағидаға сәйкес шағын көлемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнында жүргізілетін кеме кітабына енгізеді.

77. Оқиға нәтижесінде немесе басқа себеппен шағын көлемді кеменің кеме

кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.13 № 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

78. Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін пайдаланатын шағын көлемді кемені коммерциялық мақсаттарда пайдалану да шағын көлемді кемені қайта тіркеуге негіз болып табылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

79. Шағын көлемді кемені қайта тіркеу осы Қағидаға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің негізінде мынадай құжаттарды:

- 1) кеме билетін;

- 2) кеме иесінің жеке басын куәландыратын құжатты, заңды тұлға үшін – тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы не куәлікті;

- 3) осы Қағиданың 77-тармағына сәйкес шағын көлемді кемені қайта тіркеу үшін негізді растайтын құжаттарды;

- 4) шағын көлемді кемені қайта тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгенін растайтын құжатты қоса бере отырып жүргізіледі.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

80. Жаңа кеме билетін беріп және жаңа тіркеу нөмірін бере отырып, шағын көлемді кемені мемлекеттік қайта тіркеу өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

81. Кеме билеті жоғалған, бүлінген, иесінің мекенжайы өзгерген немесе көшелердің, елді мекендердің атауы өзгертілген кезде және атауы өзгертілуіне байланысты басқа жағдайларда, осы Қағидаға 10-1-қосымшаға сәйкес иесінің өтініші негізінде кеменің жүзуге жарамдылығын кезектен тыс техникалық куәландырудан және бюджетке белгіленген алым төленгеннен кейін өтініш берушіге кеме билетінің телнұсқасы беріледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

82. Кемелерді есептен шығару осы Қағидаға 10-1-қосымшаға сәйкес кеме иесінің жазбаша өтініші бойынша мынадай жағдайларда жүргізіледі: кеме иесінің ауысуы (сату, сыйлау, мұраға алу), иегердің басқа тұрақты тұратын ж е р і н е к ө ш у і .

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

83. Кеме иесінің жаңа тұрақты мекенжайға көшуіне байланысты кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару кезінде кеме билетінде мемлекеттік тіркеуден алынуы туралы белгі қойылады және кеме кітабында тиісті жазбамен тіркеу нөмірі жойылады. «Жойылды» деген мөртабан қойылған кеме билеті кеме иесіне қ а й т а р ы л а д ы .

84. Кеме иесінің ауыстырылуына байланысты кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару кезінде «Жойылды» деген мөртабан қойылған кеме билеті жаңа кеме иесіне жаңа иесінің тұрақты болатын немесе тұратын жері бойынша мемлекеттік т і р к е у ү ш і н т а п с ы р ы л а д ы .

85. Толық техникалық тозудың салдарынан кеме мені мемлекеттік тіркеуден шығару арнайы техникалық бақылау актісі бойынша, ал кеме мені мемлекеттік тіркеуден оның қирауына байланысты шығару кезінде кеме кітабында және тіркеу карточкасында тиісті жазбалар жасалады. Мұндай жағдайларда кеме билеті жойылады және уәкілетті органда сақталады.

86. Мемлекеттік тіркеуден шығарылған шағын көлемді кеме мені тіркеу нөмірі бес жыл ішінде ешқандай кемеге берілмейді.

87. Аумақтық бөлімше шағын көлемді кеме мені ипотекасын шағын көлемді кеме мені меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін осы Қағидаға 10-2-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің өтініші негізінде шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.

Шағын көлемді кеме мені ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке шағын көлемді кеме мені ипотекасы туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі, осындай шартта көрсетілген құжаттармен қоса беріледі.

Шағын көлемді кеме мені ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

Шағын көлемді кеме мені ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

